



«Бекітемін»
Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым вице-министрі
Е.Н.Иманғалиев
« 1 » маусым 2016 ж.

Тест спецификациясы

1. Тесттің атауы: «Экономика және қаржылық сауаттылық негіздері» бойынша жалпы білім беретін орта мектептердің педагогикалық кадрларын аттестациялауға арналған тест.

2. Құрастырылу мақсаты: Тест педагогикалық қызметкер біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында құрастырылған.

3. Міндеті: Кәсіби құзыреттілік деңгейін анықтау.

4. Тест мазмұны: Тест үш бөліктен тұрады.

Б1 бөлігі - бір дұрыс жауабы бар (1/5) 10 тапсырма,

Б2 бөлігі - бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар (б/б) 5 тапсырма,

Б3 бөлігі - бір жағдаятқа (бір дұрыс жауабы бар) 5 тапсырма.

Тестке негізгі бөлімдердің материалдары енгізілді.

Тест 3 қиындық деңгейі бар тапсырмалардан тұрады:

бірінші деңгей (А) - 5 тапсырма,

екінші деңгей (В) - 11 тапсырма,

үшінші деңгей (С) - 4 тапсырма.

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Қиындық деңгейі	Тапсырма формасы	Тапсырманың тесттегі орны
1	Экономиканың негізгі түсініктері	1	«Экономика» түсінігі. Қажеттіліктер, ресурстар	В	1/5	Б1-1
		2	Экономикалық жүйелер Экономикадағы басты мәселелер	А	1/5	Б1-2
		3	Ресурстардың шектеулігі және таңдау мәселесі. ӨМҚС компромистік таңдау	В	б/б	Б2-1
2	Сұраныс және ұсыныс	1	Сұраныс, сұраныс заңы, сұраныс қисық сызығы. Сұраныс факторлары. Сұраныстың баға бойынша иілгіштігі	В	1/5	Б1-3
		2	Ұсыныс, ұсыныс заңы. Ұсыныс қисық сызығы. Ұсыныс факторлары. Ұсыныстың баға бойынша иілгіштігі	В	1/5	Б1-4
3	Сұраныс пен ұсыныстың өзара әрекеттесуі	1	Нарықтық тепе-теңдік. Нарықтағы тепе-тең емес жағдайлар. Нарықтық тепе-теңдіктің өзгеруі	В	б/б	Б2-2
4	Экономикадағы тұтынушы	1	Тұтынушының орынды мінез-құлқы. Бюджет. Тұтынушының табыстары мен шығындары	А	1/5	Б1-5
		2	Тұтынушылық несиелер, ипотека.	А	б/б	Б2-3

			Жинақтау, депозиттер, байлық. Сактандыру. Жарнама. Тұтынушылар құқығын қорғау. "ҚР тұтынушылар құқығын қорғау туралы" заң			
5	Өндіріс және өнімділік. Бәсекелестік Өндірістің ұсталған шығындары.	1	Өндіріс. Өндіріс факторлары. Өндіріс факторларының өнімділігі	С	1/5	Б1-6
		2	Бизнесті ұйымдастыру формалары	В	1/5	Б1-7
		3	Бәсекелестік. Бәсекелестіктің түрлері	В	1/5	Б1-8
6	Қазақстан Республикасы еңбек нарығы	1	Еңбек ресурстары. Жалақы. Жалақыға әсер ететін нарықтық емес факторлар	С	б/б	Б2-4
		2	Еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныс. Жұмыссыздық. Жұмыссыздық деңгейі. Жұмыссыздық түрлері. ҚР еңбек туралы заңы	В	1/5	Б1-9
7	Ақша және қаржы институттары	1	Ақша. Ақшаның қасиеттері, функциялары. Қазақстан Республикасының банк жүйесі	В	б/б	Б2-5
8	Әлемдік шаруашылық	1	Халықаралық сауданың пайда болу себептері. Абсолюттік және салыстырмалы басымдылық. Еңбекті халықаралық бөлу. Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі. Қазақстан және әлемдік сауда ұйымы	С	1/5	Б1-10
9	Жағдаяттық тапсырмалар. Өртүрлі түрдегі (тест, таблица, график, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б) ұсынылған ақпарат негізіндегі жағдаяттар (оқиға, мәселе, шынайы өмірде болған оқиға)			А, А, В, В, С	1/5	Б3-1-5

5. Тапсырмалар мазмұнының сипаттамасы.

Экономиканың негізгі түсініктері: "экономика" сөзінің мағынасы, анықтамасы, басты мәселелері, экономикалық ресурстар. Экономиканың түрлері: микро және макроэкономика; экономикалық жүйелердің типтері: аралас, нарықтық, командалық (орталықтандырылған), дәстүрлі. Ресурстардың шектеулілігі: қажеттілік пирамидасы, тауар, қызмет көрсетулер, таңдау мәселесі, таңдау шектеулілігі мәселесі; компромисстік таңдау: таңдаудың тиімділігі, маржиналды (шекті) пайда, маржиналды (шекті) шығындар; өндірістік мүмкіндіктердің қисық сызығы: шкала, қисық сызық.

Сұраныс және ұсыныс. Сұраныс: сұраныстың көлемі, сұраныс шкаласы, сұраныс заңы, қисық сызығы; сұраныс факторлары: баға, нарық, сатып алушылар табысы, тұтынушылардың талғамдары мен ұнатулары, детерминаттар, субституттар, комплементтер, сұраныстың иілгіштігі. Ұсыныс: шамасы, шкаласы, заңы, ұсыныс қисық сызығы; ұсыныс факторлары: басқа тауарлардың бағасы, ресурстар бағасы, технологиялар, салықтар мен дотациялар, ұсыныстың иілгіштігі.

Сұраныс пен ұсыныстың өзара әрекеттесуі: Нарықтық тепе-теңдк, тепе-тең баға, сұраныс бағасы, ұсыныс бағысы; тепе-тең емес жағдайлар: тапшылық және артылып қалу. Нарықтық

тепе-теңдіктің өзгеруі, сұраныстың өзгеру факторлары, ұсыныстың өзгеру факторлары, бағадан тыс факторлар.

Экономикадағы тұтынушы: Қажеттіліктер, тұтынушы, табыс көздері, байлық. Бюджет, табыстар мен шығындар, жинақтар: сенімділік, табыстылық, өтемпаздық. Тұтынушылық кредит, кредиттің құны, кредит беру шарттары; тұтынушылар құқығын қорғау, жарнама.

Өндіріс. Бәсекелестік. Кәсіпкер, кәсіпкерлік, кәсіпорын, өндіріс. Бизнесі ұйымдастыру формалары: жеке кәсіпорын, серіктестіктер, акционерлік қоғамдар. Бәсекелестік, нарықтық құрылымдардың типтері: полиполия, олигиполия, монополия. Фирманың ұсталған шығындары, азаймалы тиімділік заңы, фирманың жалпы, орташа және шекті шығындары, фирманың түсімі мен пайдасы.

Қазақстан Республикасының еңбек нарығы: Еңбек ресурстары: еңбек, еңбекті кемсітушілік; жалақы: төменгі күнкөріс мөлшері, жалақы мөлшеріне әсер ететін нарықтан тыс факторлар, индексация, минималды және орташа жалақы. Еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныс: еңбекке сұраныстың көлемі, еңбекті пайдалану тиімділігі, еңбекті қорғау заңы. Жұмыссыздық: анықтамасы, жұмыссыздық деңгейі, жұмыссыздықтың түрлері, жұмыс күші.

Ақша және қаржылық институттар: Ақша, айырбас, ақшаның қасиеттері, ақша функциялары. Банктық жүйе: бірінші және екінші деңгейлі банктер, банктердің функциялары, валюта; инфляция: анықтама, айырбастың теңестірілуі, айналымның жылдамдығы. Қаржылық қызметтер: есеп, сейфтер, депозит, кредит, "электронды ақшалар".

Әлемдік шаруашылық: Әлемдік шаруашылық түсінігі, кәсіпорынды интернационализациялау, интеграция, айырбас, жаһандану. Сауда, протекционизм: халықаралық еңбек бөлінісі, халықаралық сауда; әлемдік шаруашылықты жүргізу: салыстырмалы артықшылық – мамандандыру, салыстырмалы артықшылық принципі, басты артықшылықтар, бәсекеге қабілетті экономика, ұлттық экономика.

6. Тапсырмаларды орындаудың орташа уақыты

Тест тапсырмасын орындаудың оптималды уақыты – 2 минут.

Тестті толық орындау уақыты – 40 минут.

7. Нұсқалар мен тапсырмалар саны:

Тест нұсқаларының баламалылығы:

- тестілердің спецификацияға сай құрылуымен;
- өзара ауыстыруға келетін тапсырмалардың әр түрлі нұсқаларда бір орында келуімен;
- барлық нұсқаларда қиындық деңгейінің бірдей болып келуімен жүзеге асырылады. Бір тестіде 20 сұрақ.

8. Бағалау.

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін - 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл алады.

Бірнеше жауап нұсқасынан барлық дұрыс жауаптар үшін - 2 балл,

- жіберілген бір қате үшін - 1 балл,

- екі және одан көп қате жауап үшін – 0 балл беріледі.

9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

ҰТО директоры



Қ. Әбдиев